

Етіс категориясы

Қазақ тілінде етіске амалдың (іс-әрекеттің) субъекті мен объектіге қатысын, сондай-ақ, керісінше, субъекті мен объектінің амалға қатысын білдіретін формалардың жүйесі деген анықтама беріледі. Алайда түркологияда етіс категориясының анықтамасында қайшы пікірлер де бар. Ғалымдардың бір тобы етіс тұлғалы етістіктер ең алдымен амал-әрекетті оны орындайтын субъектінің қатынасы арқылы білдіреді деп, объектінің қатысын көрсетпейді. Мәселен, түркі тілдерінде белгілі ғалым А.М.Щербак С.Е.Яхонтовтың пікіріне сүйене отырып, етіске берілген анықтамадағы *объекті* сөзін алып тастайды, яғни амал-әрекет пен субъектінің арақатынасын білдіретін грамматикалық категорияны етіс деп атау керектігін көрсетеді [Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (Глагол). – Л., 1981.]. Э.В.Севортян да қимылдың тура толықтауышты талап етуін не етпеуін етістердің грамматикалық сипаты ретінде тануға болмайтындығын айтады. Белгілі қазақ ғалымы М.Оразов та ғалымдардың етіс анықтамасы туралы осы пікірлерін келтіре отырып, «Э.В.Севортяның пікіріне сүйенетін болсақ, онда салт, сабақты етістіктердің етіс категориясымен тікелей қатынасы жоқ» деп тұжырымдайды. Ал түркітанушы ғалым Н.А.Баскаков етісті субъектімен де объектімен де, сондай-ақ салт/сабақтылықпен де байланыстырады. Н.К.Дмитриев те осы пікірде. Қазақ ғалымдарынан Ы.Маманов етіс қосымшаларын салт, сабақтылыққа тікелей, А.Қалыбаева, А.Ысқақов қосалқы болса да байланысы бар дейді. М.Оразов болса, «барлық кезде де етіс қосымшалары объекті мен амал-әрекеттің арасындағы қатынастарды білдіре бермейді. ... етіс қосымшаларының түбір етістікке қосылуы салт және сабақтылықпен байланысты емес» деп тұжырымдайды. Сонымен қатар М.Оразов «етіс қосымшалары салт не сабақты етістіктерді талғап қолданылмайды, олардың лексикалық мағыналарына қарай қосылады. Етіс қосымшаларының қосылуы, қосылмауы салт және сабақты етістіктерге байланысты емес, керісінше етістіктің лексикалық мағыналарына байланысты. ... Өздік етіс қосымшалары жанды заттардың амал-әрекетін білдіретін және бағыттық бағдары бар етістіктерге қосылады. Ал бағыт-бағдарды білдірмейтін етістіктер өздік етіс қосымшасын қабылдамайды» (Оразов М. Етістік, 14 б). Мысалы, *күрес, жарыс, өл, тол, жәтел, сепір, ауыр, ақса* т.б., сол сияқты қозғалу етістіктері (*бар, кел, жорғала, алыста, жақында, қозғал, өт, жене, жүр*) өздік етіс қосымшаларын қабылдамайды. Ортақ етіс қосымшалары бірнеше адам орындау мүмкіндігі бар амал-әрекетті білдіретін етістіктерге ғана қосылады. Ал жеке адам не субъект орындайтын амал-әрекетті білдіретін етістіктерге ортақ етіс қосымшалары қосылмайды. Мысалы, *өлу, ауыру, түшкіру, жәтелу, арықтау, толу* сияқты етістіктердің ортақ етіс қосымшаларын қабылдамау сыры осы мағынасында жатыр. Етіс қосымшаларының барлық етістіктерге қосыла алмау сыры осы мағынасында жатыр» (14 б.), - деп, М.Оразов етіс қосымшаларының жалғану-жалғанбауын етістік түбірлерінің семантикасымен, яғни түбір мағынасы мен етіс

қосымшаларының семантикалық тіркесімділік (валенттілік) қабілетімен байланыстырады.

Ғалымдар пікірлерінен көріп отырғанымыздай, бір топ ғалымдар етісті амал-әрекеттің субъектіге қатынасын білдіретін категория ретінде ғана анықтайды. Сонымен қатар етістің етістік түбірлерінің салт-сабақтылығымен байланыстыруда да пікір қайшылығы бар. Ғалымдардың бір тобы етіс тікелей салт-сабақтылықтан туындайды десе, келесі тобы етістің салт-сабақтылықпен тікелей байланысы жоқ деп, етіс жұрнақтарының жалғануын етістік түбірінің семантикасымен байланыстырады.

А.Байтұрсынұлы тура объектіні қажет ету/етпеуге қарай бөлінетін салт және сабақты етістіктерді де етістің құрамында (салт етіс, сабақты етіс) көрсеткен болатын. Ғалымның бұлай салт пен сабақтылықты етіс құрамында беруінің себебі (сабақты етістікердегі тура объектінің болуы мен салт етістіктердегі тура объектінің болмауы) етістерге берілген амал-әрекеттің объектіге қатысын білдіреді деген ережеден туындаған болу керек. Егер етіс анықтамасындағы амал-әрекеттің объектіге қатысын білдіреді деген ережеге сүйенер болсақ, онда салт пен сабақтылықты да етіс түрі ретінде тануымыз қажет болады. Алайда салт пен сабақтылық түбір етістіктерге ғана емес, етіс тұлғалы етістіктерге де тән. Мысалы, *жаса* етістігі – сабақты, енді осы етістікке өзгелік етіс жұрнағын жалғасақ, *жасаттыр/жасатқыз* болады. Бұлар да – сабақты. Сонда салт пен сабақтылық етіс тұлғалы етістіктерге де тән. *Жасаттыр/жасатқыз* етістіктерін әрі сабақты етіс, әрі өзгелік етіс дей алаймыз. Олай болса, салт пен сабақтылықты етіс категориясына қосуға болмайды. Салт/сабақтылық жалпы барлық негізгі түбір, туынды түбір етістіктерге тән сипат, сол себепті де өз алдына дербес грамматикалық категория құрайды. Ендеше, объектілік мән салт/сабақты етістік категориясына қатысты да, субъектілік мән – етіс категориясына қатысты белгі. Осымен байланысты және де жоғарыда аталған түрколог ғалымдардың етіске берілген тұжырымдарын қорыта келе, біз, А.М.Щербактың «етіс – амал-әрекет пен субъектінің арақатынасын білдіретін грамматикалық категория» деген пікірін дұрыс деп санаймыз. Себебі, етіс тұлғаларында амал-әрекеттің объектіге қатысы анық көрінбейді яғни етіс түрлерінде амал-әрекеттегі объект етіс түрлерін анықтаушы негізгі мән емес (жанама мән). Керісінше, амал-әрекетке субъектінің қатысы айқын байқалады, негізінен амал-әрекеттің орындаушысы – субъект арқылы анықталады.

Ырықсыз етісте амал-әрекетке субъект тікелей қатыспайды, амал-әрекет өзінен өзі орындалады, орындаушы субъект жасырын қалады. Мысалы, *үй сытырылды, шаш қиылды, киім жуылды. Сытырылды, қиылды, жуылды* етістіктері – салт етістіктер, ырықсыз етіс тұлғалары түбір сабақты етістіктерге жалғанып, оларды салт етістікке айналдырған.

Өзгелік етісте амал-әрекетке бірнеше субъект қатысады. Бірақ 1-ші субъект амал-әрекетті орындауға тікелей қатыспайды, амал-әрекеттің орындалуына түрткі болады. Мысалы, *хатты жаздырды, үйін жинатты* т.б. дегендерде амал-әрекетті орындатушы субъект бар және орындаушы субъект бар.

Ортақ етісте амал-әрекетке бірнеше субъект тікелей қатысады, амал-әрекет субъектілердің барлығының қатысуымен орындалады. *Жүкті апарысты. Суды тасысты.* Жүкті бірнеше адам апарды, суды да бірнеше адам тасиды.

Өздік етісте амал-әрекетті амал-әрекет иесі не иелерінің (бір не бірнеше субъекті) өзі орындайды, амал-әрекет субъектінің өзіне бағытталады. Мысалы, *Бала (балалар) киінді. Қыз (қыздар) боянды* т.б.

Бұл сияқты етістік түбірге етіс қосымшалары жалғанғаннан кейін пайда болатын мағыналар мен синтаксистік қарым-қатынастар, негізінен алғанда, етістік түбірдің жалпы грамматикалық мағынасын өзгертпейді, тек сабақтылық-салттылық мәнін ғана өзгертеді. Мысалы, *Ол баласына хат жазды. Бұл хат кеше жазылды. Баласына хатты маған жаздырды. Ол екеуі бір-бірімен ылғи хат жазысады.* Осы сөйлемдердегі хатқа байланысты жазу (жазды), жазылу (жазылды), жаздыру (жаздырды), жазысу (жазысады) етістіктерінде етіс тұлғалары етістік түбір білдіретін семантикасын өзгертіп жібермейді, етістіктің лексикалық және жалпы грамматикалық мағынасы сақталып қалады, тек сабақтылық-салттылық мәні өзгереді.

Тек бұл жазу етістігі емес, *оқы-оқыл-оқып-оқытқыз, айт-айтыл-айтыс-айтқыз-айтқыздыр, сөйле-сөйлем-сөйлес-сөйлет-сөйлеткіз, шегеле-шегелес-шегелет-шегелеткіз* т.б. етістіктерде етіс жұрнақтары жаңа сөз тудырмайды.

Етіс тұлғалары етістіктерге жалғанып, түбір етістіктердің лексикалық мағыналарына амал-әрекетті орындаушы-субъектіліренің қатысын білдіретін грамматикалық мағына үстейді.

Сондай-ақ етіс тұлғаларының тіліміздегі етістік атаулының бәріне я белгілі бір тобына (ырықсыз және өздік етіс қосымшалары тек сабақты етістіктерге жалғануы) жалғана алуы, яғни (әмбебап қасиеті, сөйтіп барып грамматикалық абстракция жасай алуы, өнімділік-өнімсіздік, құнарлық-құнарсыздық сипатының болмауы, соның арқасында қосымшалары жалғанған жердің бәрінде жаңа сөз тудыру қатарын құрай алмауы етіс қосымшаларын сөзжасам қосымшаларының қатарына қосуға болмайтындығын көрсетеді. Ал кейбір етістіктің құрамында келіп, жаңа туынды түбір, демек, негізгі түбірден өзгеше жаңа лексикалық мағына білдіретін жоғарыда көрсетілген тәрізді сөздердің [қыз] айттыру, [таң] асыру, [бір көрген] біліс, [екі көрген] таныс, [үйге кіріп] жылынды, [үйді] жылытты, [рұқсат беруді] өтінді, [бұған екеуі де] келісті, [екі дайға келгенде ол маған] болысады, [оқуға] берілді, [ауруынан] жазылды, [олар бәрібір] табысады, айтылудан айттыру, асудан асыру, білуден білісу, танудан танысу, жылудан жылыну мен жылыту, өтуден өтіну, келуден келісу, болудан болысу, беруден берілу, жазудан жазылу, табудан табысу тәрізді жеке лексема болып, сөздік құрамнан бөлек-бөлек орын алуы тек қана етіс (өзгелік, ортақ, өздік, ырықсыз) қосымшаларының жалғану нәтижесі емес, одан да гөрі семантикалық процестің (сөзжасамның

синтетикалық тәсілінен гөрі семантикалық тәсілінің) басым болуы. Ондай процестер тілімізде аз емес.

Етіс тұлғаларының тағы бір ерекшелігі бар. Ол: етіс қосымшалары етістік түбірге жалғанып, түбірдің грамматикалық сипатын өзгертпейді, яғни етіс тұлғалы етістіктер түбір (негізгі, туынды) етістіктерше: 1) сырттай бұйрық райдың 2-жақ жекеше, анайы түрімен сәйкес келеді; 2) тікелей жіктелмейді, тек рай, шақ (көсеше, есімше) тұлғаларын үстеп барып жіктеледі және сол тұлғалар (рай, шақ) жалғануға негіз бола алады; 3) сондықтан да сөйлемде сол тек етіс тұлғасында қолданылмайды. Осы сияқты қасиеттерінің негізінде Ы.Маманов жалпы етістік атаулыны негізгі етістіктер және функциялық етістіктер деп екі топқа бөліп, негізгі етістіктер оның грамматикалық категорияларын жасауға негіз болады дей келіп, оның өзін екі түрге бөліп, бірін түбір етістіктер, екіншісін модификациялы етістіктер деп, модификациялы етістіктердің қатарына етіс, болымсыз етістік, күшейтпелі етістік және күрделі етістікті (көсемше формаларының көмекші етістіктермен тіркесуі) ерекше бөліп жатқызады.

Сондай-ақ етіс қосымшалары бірінің үстіне екіншісі де жалғана береді. Оның тәртібі: 1) өздік етіс + өзгелік етіс: *жу-ын-дыр, ки-ін-дір* т.б. 2) ортақ етіс + өзгелік етіс: *сөйле-с-тір, жина-с-тыр*; 3) өзгелік етіс + өзгелік етіс: *айт-қыз-дыр, жаса-т-қыз* т.б.

Сонымен, етіс тұлғалары, біріншіден, жалғанған сөзінің лексикалық мағынасын өзгертіп, жаңа мағыналы сөз тудырмайды, етістік түбірге жалғанып, оған амал-әрекетті орындауға қимылдың иесінің (субъектінің) қатынасын білдіретін семантикалық реңк үстеп, түбір семантикасына сәл де болса өзгеріс енгізеді, екіншіден, семантикалық тіркесім валенттілігі бар етістіктерге жаппай жалғанып, форма тудырушы қосымшаларға тән сипат – грамматикалық абстракция жасайды. Қосымшалар жіктелмесінде форма тудырушы қосымшалардың лексика-грамматикалық (модификациялық) қосымшалар тобына жатады. **Олай болса, етіс деп – амал-әрекеттің орындалуына қимыл иесінің (субъектінің) қатынасын білдіретін, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы жасалатын етістіктің лексика-грамматикалық категориясын айтамыз.**

Мағыналық ерекшеліктері мен синтаксистік қызметіне және тұлғалық ерекшеліктеріне қарай қазақ тіліндегі **етіс өздік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс және өзгелік етіс** болып, төртке бөлінеді.

Етістің алғашқы классификациясында етіс 5-ке бөлініп, негізгі етіс түрі берілген болатын. Алайда негізгі етіс деп аталатын етіс түрінің етістік түбірі деген ұғымнан, мейлі негізгі түбір, мейлі туынды түбір, мейлі күрделі түбір болсын, не семантикалық жағынан, не формалық жағынан, не синтаксистік қызметі, басқа сөздермен қарым-қатынасы жағынан ешбір айырмашылығы жоқ. Бұл – бір. Екіншіден, грамматикалық я лексика-грамматикалық категория (түрлеріне) негіз болатын тұлға, яғни негізгі етіс аталған, дұрысында етістік түбірі деген тұлға ол категорияның бір түрі бола алмайды, категория шеңберіне енбейді, сол категория түрлеріне негіз ғана болады. Сондықтан негізгі етіс деген етіс категориясының түрі жоқ.